

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қарашадағы N 1090 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 наурыздағы N 367 қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Маңызды стратегиялық мәні бар тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қарашадағы N 1090 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

"маңызды стратегиялық мәні бар" деген сөздер "сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар" деген сөздермен ауыстырылсын;

"(бұдан әрі - "ҚазМұнайГаз" ҰК" ЖАҚ)" деген сөздерден кейін "және олармен аффилирленген "Өзенмұнайгаз" және "Ембімұнайгаз" ашық акционерлік қоғамдарының заңды тұлғалары" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

*міндетін атқарушы*